

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің құші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 137.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілерінің құші жойылды деп танылсын:

1. "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 328-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 125-құжат; N 13-14, 323-құжат; N 16, 401-құжат; 1993 ж., N 8, 159-құжат; 1994 ж., N 9-10, 148-құжат; Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 1994 ж., N 8, 77-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 176-құжат; N 14, 276-құжат).

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңын қүшіне енгізу тәртібі туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 329-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 114-құжат)

3. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 35-құжат; 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 23, 152-құжат).

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қүшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 36-құжат).

5. "Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы" 1996 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 235-құжат).

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Прокуратура органдарының, Жоғары, Төрелік және Конституциялық соттарының және "Халық кеңесі", "Советы Казахстана", "Қазақстан әйелдері", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы" газеттері мен

журналдары редакцияларының 1994 жылға арналған шығыстарының нақтыланған сметалар жобасы туралы" 1994 жылғы 14 шілдедегі Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 157-құжат).

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі Жарлығы (Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 1994 ж., N 18, 176-құжат).

2-бап. Осы Заң 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қүшіне енгізілетін 1-баптың 1-4-тармақтарын қоспағанда, 1997 жылғы 1 шілдеден бастап қүшіне енгізіледі.

Қазақстан  
Президенті

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК